



Қосымша құрылыстар жөнінде таратып айтсақ, олар – №101 Ә.Мүсілімов атындағы мектепке, №2 «Абай» мектебіне, Жезказған трассасы бойында 600 орынға, Шиелі ауданы Байсын ауылында 250 орынға лайықталған. Құрылыс жұмыстары 2023-2024 жылдары аяқталады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстанда шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы бастамасы аясында Сеул Ұлттық ғылыми-техникалық университеті мен Қорқыт ата университеті арасында меморандумға көл қойылды. Үкімет басшысының алдында көтерілген тағы бір жоба Қызылорда қаласының сол жағалауында «Көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» болатын. Үкімет басшысы ұсынысты қолдап, республикалық маңызы бар спорт ғимаратының құрылысы биыл басталады.

Бүгінде сол жағалауда дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы

іске қосылмақ. Сонымен қатар Шиелі ауданы Жансейіт елді мекеніндегі 100 орындық №133 мектептің құрылысына жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Бұл құрылысты білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен қаржыландыру ұсынылды. Қызылорда қаласындағы 6 үш ауысымды мектеп бойынша былтыр Абай мектебіне 550 орындық, №101 мектеп-лицейге 375 орындық қосымша ғимарат құрылысы басталды. Аталған нысандар жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі. Биыл Жезказған трассасы бойындағы 600 орындық мектеп есебінен үш ауысымды №261, 280, мектеп мәселелері шешімін табады. Сондай-ақ №264 мектеп-лицейге 550 орындық, №3 мектеп-лицейге 375 орындық қосымша оқу-ғимаратының құрылысы басталды.



бөлек, 96 мың бала мектеп жанындағы күндізгі лагерлерде демалады, – деді.

Қалалық білім бөлімінің берген мәліметіне сүйенсек, жазғы лагерьге бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына



# БІЛІМГЕ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БАР

мектеп-интернат құрылысы қыза түсті. Бұл болашақта сырбайлық дарындыларды тәрбиелейтін білім ұясына айналатыны даусыз.

Биыл Қызылорда қаласы бойынша барлығы 2827 оқушы мектеп бітірді. Негізгі орта мектепті, яғни 9-сыныпты 5895 оқушы аяқтайды. 9-шы сыныптан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін білім беру ұйымдарына 2270 оқушы барады деген болжам бар. Ал 2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 8157 оқушы қабылданады деп жоспарланады. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 11 сыныпты бітіруші 8051 түлктің 7219-ы ҰБТ-ға қатысқан. Түлкердің орташа балы 87-ні құрады. Шекті деңгейден өтпегендер саны – 223. Бүгінде мемлекеттік грант конкурсына 6996 түлек қатысуда. Облыс бойынша ең жоғары – 137 балды Арал ауданы №220 орта мектептің түлегі алды. Сондай-ақ Қызылорда қаласының сынақ тапсырушылары 134, Қазалы, Қармакшы, Сырдария аудандары және №9 Білім-инновация лицейінің түлкері 133 балл жинап, жоғары нәтижеге жетті. Оқу жылына 514 түлек «Алтын белгіге» және 823 түлек «Үздік аттестатқа» аяқталды. Жаңа 2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 17543 бала келеді деп жоспарланады. Оның ішінде 16141-і немесе 92 пайызы қазақ сыныбына, 1402-і немесе 8 пайызы орыс сыныбына оқуға өтініші білдірген.

Мемлекет басшысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 800 мың орынға лайықталған білім ошақтарын салуға тапсырма бергені белгілі. Ұлттық жоба аясында облыста 2023-2025 жылдары 15100 орынға арналған 21 мектептің құрылысын салу жоспарланады. Атап айтқанда, Қызылорда қаласында 8, Арал ауданында 4, Қазалы ауданында 2, Қармакшы ауданында 2,

Бүгінде балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру – өзекті мәселелердің бірі. Аймақта балаларға мазмұнды демалыс ұйымдастыру жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде. Бұл туралы аймақ басшысы:

– Облыста 179869 (мемлекеттік – 172625, жеке – 7244) бала білім алуда, оның 8210-ы биыл мектеп бітірді. Түлектердің 7421-і (90,4%) Ұлттық бірінші тестілеуге қатысуда. Жылдағы дәстүрмен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға ерекше назар аударылды. Осы жылы жергілікті бюджет есебінен аймақтағы 10 лагерьде (7 мемлекеттік, 3 жеке) 8 мыңнан астам балалардың демалысы ұйымдастырылады. Демеушілердің қолдауымен 3000 өрен еліміздің алдыңғы қатарлы лагерьлерінде тынықпақ. Бұдан



тарихи-танымдық экскурсиялар ұйымдастыру. Жазғы демалыс негізінен міндетті оқу қоры арқылы және демеушілер мен кәсіподақ есебінен, сондай-ақ ата-аналар есебінен ұйымдастырылады.

Қала балалары қайда демалады дегенге келсек, «Сырдария» сауықтыру лагері 2020 жылы апатты жағдайда деп танылып, жұмысын тоқтатты. Бүгінде «Зерентай» жеке тынығу лагері 1-ші маусымнан бастап балаларды қабылдауды бастап, 7 ауысымда міндетті оқу қоры есебінен 465 бала қамту жоспарланған. Ал Жаңақорған ауданында орналасқан «Талдысу» тынығу лагерінде жалпы міндетті оқу қорынан 1500 қалалық жасөспірім демалады деп жоспарланған. Сонымен қатар демеушілер мен инвесторлар есебінен аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 60 баланы «Арай-санрайз» лагеріне жіберу жоспарлана, «Қазақстан халқына»

(көпбалалы, аз қамтылған отбасындағы) жалпы білім беретін мектептерден 27 оқушы, және «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына 5-6 сыныптың (жетім балалар, көпбалалы және күн көрісі төмен отбасылардан шыққан балалардың санатына жататын) 10 оқушыны жіберу жоспарланған.

Білім ордаларындағы қауіпсіздік мәселесі де – басты назарда. Қалалық білім бөлімінің мәліметіне сүйенсек, білім беру орындарында «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығының талаптарын қатаң түрде орындау білім беру ұйымдарының басшыларына тапсырылған.

Сондай-ақ сабақ кезінде білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған нәрселер мен заттарды мамандырылған күзет қызметкері арнайы темір іздегіш құралмен тексеріп кіргізу, білім ұйымына кірген оқушыларды мектеп директорының тәрбие орынбасарлары және сынып жетекшілері, психолог мамандарымен күнделікті тексеру жұмыстары күшейтілген.

Биылғы оқу жылында білім беру ұйымында «Бала қауіпсіздігі – баршаға ортақ» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. Жиналыста ҚІБ мамандарының қатысуымен далада жатқан белгісіз заттарды алмау туралы, сондай-ақ мектепке әкелуге тыйым салынған заттар тізімі таныстырылып қайта ақпарат берілді.

Мектептерде оқитын кәмелетке толмағандарға мектеп әкімшілігі тарапынан



сәйкес көрсетілген санаттағы 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға; 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға; 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға; 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға; 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарындағы балалар қамтылады.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы бірнеше бағытта ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, сыртқы лагерь жұмысын ұйымдастыру, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерін ашу, облыс көлемінде және облыстан тыс лагерьге балаларды жіберу,

Жалағаш ауданында 1, Сырдария ауданында 1, Шиелі ауданында 1, Жаңақорған ауданында 2 мектеп салынады. Оның ішінде 10 мектеп 2024 жылы, 11 мектеп 2025 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланады. Бүгінде аймақта 6 апатты (Арал ауданы №248 мектеп, Қазалы ауданы №94 мектеп, Қармакшы ауданы №105,108 мектептер, Шиелі ауданы №45,133 мектептер), 6 үш ауысымдық оқытуға көшуі мүмкін мектеп Қызылорда қаласындағы Абай мектебі, №3,101,261,264,280) бар. Қазір Арал ауданы Тоқабай елді мекеніндегі апатты №248 мектепті жеке инвестор салуда. Мектеп осы жылы пайдалануға беріледі. Төрт апатты мектептің құрылысы (Қазалы ауданы №94 мектеп, Қармакшы ауданы №105,108 мектептер, Шиелі ауданы №45) «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасына енгізілді. Жоспарға сай мектептер 2024-2025 жылдары

Басы 1-бетте



қоғамдық қоры ауыл балаларының интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін жетілдіру мақсатында Алматы қаласындағы «Спутник» лагеріне 120 оқушыға жолдама берген.

Сондай-ақ мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерінде де балалар демалуда. Мәселен, 1-14 маусым аралығында 55 мектепте 2 ауысымда жатын орынсыз, ыстық тамақпен мектеп жанындағы жазғы мектеп лагері ұйымдастырылды. Жалпы мектеп жанындағы күндізгі лагерьге 2386 оқушы қамту жоспарланған. Сондай-ақ 2023 жылдың маусым айында республикалық дарынды балаларға арналған оқу-сауықтыру орталықтарына 11-15 жас аралығындағы қоғамдық қызметке, оқуға белсенді араласқан, түрлі жарыстар, олимпиадалар, фестивальдар, байқаулар жеңімпаздары

жеке-тәрбие жұмыстары күшейтіліп, ата-аналарымен, тәрбие ортасымен тығыз байланыс орнатуды, олардың сабақ уақытында және мектептен тыс жерлерде қадағалаусыз қалмауы және қоғамдық тәртіп, ел бірлігі, жастар, жасөспірімдер тәрбиесі мәселелерін көтеріп, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша насихат жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Бұзақылыққа жиі баратын, қылмыс жасауға бейім, сыныптастарын теріс әрекеттерге бастайтын «көшбасшы» білім алушыларды анықтау, жеке-тәрбие жұмысы жасау, оларға ұстаздар қатарынан арнайы тәлімгер бекіту, тәрбиелік мазмұндағы шараларға тарту, қылмыстық топтардан оқшаулау жұмыстары жыл бойы күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



